Физикалық даму, балалардағы коммуникативтік, танымдық- зияткерлік, шығармашылық дағдыларды, зерттеу қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, оның ішінде мектепке дейінгі ұйым жұмысының бағытын және балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға баулу жөніндегі міндеттерді іске асыруды ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады, патриоттық, мәдени-әлеуметтік нормалар, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қалыптастыру. Интеграция принципін іске асыру балаларда дамудың тұтас жүйесін құруға, қоршаған әлемді тұтас қабылдауды қамтамасыз ете отырып, танымдық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді. Мектепалды сыныбындағы ақпараттық кеңістік қызмет аймақтары (ойын, оқу) бойынша жүйеленген. 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие құндылықтары» жүзеге асырылу қолға алынды. Ағымдағы оқу жылында жобамен жұмыс жіргізіліп жатыр.

(перспективалық жоспарлар ұсынылады)

(циклограммалар ұсынылады)

[Циклограмма – Google Диск](#)

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарында мектепалды сыныптарына вариативті бөлім қарастырылған жоқ. Сыныптарда ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленуші жоқ болуына байланысты бейімделген білім беру қызметі жасалған жоқ.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы:

2023-2024 оқу жылынан бастап "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 3945 жастағы балаларға арналған мектепалды даярлық сыныбындағы үлгілік оқу жоспарына сәйкес нормативтік жүктеме ұйымдастырылған қызметке 20 сағатты құрайды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында 2025 - 2026 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚРОқу-ағарту министрінің жаңа редакцияда - 23.01.2025ж. № 12 бұйрығымен);

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (ҚРОқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығы).

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы

4) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене тәрбиесі;
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауат ашу негіздері;
- 5) қазақ тілі;
- 6) математика негіздері;
- 7) құрастыру;
- 8) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 9) сурет салу;
- 10) мүсіндеу;
- 11) жапсыру;
- 12) музыка.

Жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) жыл бойы арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың келуін ескере отырып құрастырылады. Мұндай балаларды тәрбиелеу мен оқытуда олардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес типтік, оқу, арнайы және жеке (бейімделген) білім беру бағдарламалары қолданылады. Әрбір арнайы қажеттілігі бар бала үшін оның ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспары мен жеке білім беру маршруты әзірленеді. Аптасына ұйымдастырылған іс - әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс - әрекеттің ұзақтығы - 20 - 25 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады: 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);

Мектептердің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу жылы бойы каникул күндері белгіленеді.

https://drive.google.com/drive/folders/1izXLLD9koId_zSFSg-2IcAcJ3BhQT1aO?usp=drive_link

5-бөлім. Оқу-материалдық активтер

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Ғимарат туралы мәлімет. Ғимарат типі – блок. Ғимарат 2007 жылы салынған. Жобалық қуаты 900 білім алушыға есептелген. 2019 жылы ғимараттың төбесі күрделі жөндеуден өтті.

Мектеп алаңы қоршалған, абаттандырылған, мектеп ауласында, мектеп жанындағы учаскені көгалдандыру бойынша іс-шаралар өткізілді, ағаштарды отырғызу жұмысы жүргізілді. Ғимарат орталық жылыту жүйесімен, су құбырымен, электр жарығымен, телефон байланысымен және интернетпен жабдықталған, ыстық сумен жабдықтау, кәріз жүйесімен қамтылған. Тәрбие іс-шараларын өткізуге арналған акт залы, дене шынықтыру сабақтарына арналған спорт залы бар, музыка кабинетінде сабақ алу мүмкіндігі бар. Дәлізде сыртқы киімдерге арналған бөлек ілгіштер бар. Гигиеналық нормаларды сақтау үшін рекреацияда, мектепалды сынып кабинетінің жанында жуынатын бөлме, ауыз су бұрқағы орналасқан. Мектеп аумағында серуендеуге және ашық ойындарға арналған орын бар.

Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат. Мектепалды сынып кабинеті 54.5 м², Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 № 193 бұйрығымен

сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы, Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Мектепалды сыныптың оқу кабинеті мынадай жиһаз және жабдықтармен жабдықталған:

Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары: қуыршақ, ұлттық киімдегі қуыршақ, маусымдық киімдегі қуыршақ, қуыршақ театрының жиынтығы, "Киіз үй және оның жабдықтары" ойын жиынтығы, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машина, көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық, ойыншық (жануарлар, құстар), туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, тақырыптар бойынша заттық суреттер жиынтығы, сюжетті суреттер, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер (жиынтықта 15 кітаптан кем емес), глобус, көкөністер мен жемістердің муляждары, фланелеграф.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары: Дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау), сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді), ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор, демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы, үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы, жазық геометриялық пішіндер жиынтығы, көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стақандар мен қасықтар, сандар қассасы, санау материалы, магнитті санау жиынтығы, 1-ден 10-ға дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы, 10-ға дейінгі сандары бар санамақтар, санау таяқшалары, құмсағаты, сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі, циферблаты бар сағат, өлшеуіш лента, иінтіректері бар оқу таразысы, электронды зияткерлік ойындар, шахмат, дойбы, 20-25 бөлшекті пазлдар, 100 бөлшекті пазлдар, әртүрлі тақырыптағы лото, суретті домино, дамытушы үстел ойындары, кубик-рубик, мозаика.

Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары: музыкалық ойыншықтар, балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары, қоңыраулар, қалпақтар, сөмкелер, әртүрлі мамандыққа арналған балалар киімдері, марионетка қуыршақтар, саусақ театрына арналған қуыршақтар, көлеңке театрына арналған ширма, бейнелеу өнеріне арналған материалдар мен құралдар: қарандаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стақандары, бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім, фигуралы үлкен трафареттер, боямақтар, жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч, зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар, балаларға арналған мольберт, матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар, тазалауға арналған мүкәмналдар (леген, шүберектер, щеткалар), ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар альбомдар, ойыншықтар-құралдар, өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы, бөлме өсімдіктері, сөре, тәжірибелерге арналған жиынтық, табиғат күнтізбесі, табиғат туралы кітаптар (соның ішінде сөйлейтін кітаптар), "Дыбыс", "су және ауа", "жылу" тақырыптары бойынша эксперименттерге арналған жабдықтар, лупа, оқу микроскопы, пайдалы қазбалар жиынтығы, өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы, жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары.

Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға арналған оқу және ойын материалдары: ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар, қимылды ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар, майтабандылықтың алдын алуға және сымбатты қалыптастыруға арналған жабдық, спорт туралы альбомы, дұрыс тамақтану туралы альбомы, салауатты өмір салтын насихаттау альбомы, лақтыруға арналған қалталар, резеңке доп (әр түрлі диаметрлі), диаметрі 500-600 миллиметр балалар шеңбері, кеглдер жиынтығы, массаж жолы.

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары: Отбасылық генеалогиялық бәйтерек жасауға арналған панель, сюжеттік-рөлдік ойын, тақырыптық альбомдар.

Топтық бөлмеге арналған жабдық пен жиһаз: жазу үстелі, жартылай жұмсақ орындық, кітап сөресі, 2-4 орындық балаларға арналған үстелдер (мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің қалауы бойынша, отыратын орындардың жалпы саны 25), балалар орындығы, ойыншықтарды орналастыруға арналған шкафтар, қабырғалар, сөрелер, жәшіктер-қажеттілігіне қарай, маркерлік тақта, хабарландыру тақтасы, балалар жұмыстарына арналған, стенд, мольберт, материалдарды сақтауға арналған мөлдір контейнерлер.

Топтық бөлме үшін ұсынылатын жабдық: микрофон-телефон гарнитурасы және web-камерасыбар жиынтықта, интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар дербес компьютер, тартылатын проекциялық экран, ноутбук.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуға және дамытуға бағытталған пәнге бағытталған орта құрылды. Оқытудың техникалық құралдары бар: интернетке шығатын компьютер, интерактивті панел. Дидактикалық-әдістемелік қамтамасыз ету базасының мазмұны үнемі толықтырылып отырады. Әр түрлі тақырыптар бойынша сабақтарға презентациялар бар. Мектепалды сыныптарындағы ақпараттық кеңістік қызмет аймақтары (ойын, оқу, қабылдау) бойынша жүйеленген. Әр түрлі пәндер бойынша бұрыштар бар. Кабинетті безендіру және дидактикалық-әдістемелік қамтамасыз етудің мазмұны жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың білім алуына мүмкіндік береді. Даму салалары бойынша жүйеленген демонстрациялық және үлестірмелі материалдар бар. Даму ортасын байыту, өмірлік белсенділікті арттыру мақсатында рөлдік ойындар бар. Мектепалды сыныптарындағы даму ортасы өзін-өзі қамтамасыз етеді, МЖМББС (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары) талаптарына сәйкес дамудың барлық салаларын қамтамасыз етеді, ол мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың танымдық қызығушылығын, бірлескен және тәуелсіз іс-әрекетте балалардың танымдық қызығушылығын қолдайды.

https://drive.google.com/drive/folders/1538_XE_bLmXjVttqLpemd8VTVWBJaHk-?usp=drive_link

6-бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Жалпы білім беру мекемесі кітапханасының жұмыс тәжірибесінің сипаттамасы

Мектеп кітапханасы 1-қабатта орналасқан, кітапхана 136,8 ш.м.оқу залы бар аймағында үшінші деңгейдегі доменді интернет жылдамдығы 4.Мб/с. Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер берілген. Кітап қоры- 44400 дана,оқу пәні бойынша- 20320, білім алушы саны 623, оқу –әдістемелік, көркем, ғылыми біліктілік талабына сәйкес келеді.

Кітапхананың өзекті тақырыбы: Білім саласында заманауи технологияларды пайдалана отырып мектеп кітапханасының жұмысы барысында, оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру арқылы рухани дамыған азаматты қалыптастыру және бейімдеу арқылы алған білімдерін қолдануға ықпал ету.

Мектеп кітапханасының негізгі бағыттары:

Кітапхананың кітап қорын бүгінгі заман талабына сай деп саналатын маңызды, құнды басылымдармен толықтыру; Кітапхана ісіндегі ақпараттық автоматтандыру процестерін жетілдіріп,ақпараттық ресурстар құру,дерек қорларды толықтыру; Жана технологиялық қызмет көрсету.

Мақсаты:

- 1.Мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі өзекті тақырыбына сай әртүрлі шаралар өткізу арқылы,жас ұрпақ тәрбиелеуге үлес қоса отырып, мұғалім мен оқушы құзыреттілігін байланыстыра қалыптастыру- ға,ынталандыруға жұмыс жасау.
- 2.Оқушылардың кітапқа қызығушылығын арттыруға,шығармашылығын дамытуға және өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға жұмыс жасау.
- 3.Пайдаланушыларға ақпаратты-кітапханалық қызмет көрсету:оқушылар мен педагогтерге қолда бар барлық оқу-әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдану құқығын қамтамасыз ету;
- 4.Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынған қызметтер номенклатурасын жетілдіру, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы оқу кітапханалық ортаны ұйымдастыру;
- 5.Қолданушының шығармашылық әлеуетін дамыту,оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту;

Міндеттері: 1.Оқушының оқу бағдарламасын меңгерудегі танымдық қызығушылығын арттыруға,шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау.
2. Педагогикалық ұжым мен оқушылардың ақпараттық білімдерін көтеруге көмек көрсету.
3.Кітапханалық маркетингтік қызмет көрсету арқылы оқырмандар санын,кітап берілімін және оқылым пайызын көтеру.

Бағыттары:

- кітапханаға оқырмандарды үнемі тартып отыру;
- әдістемелік бірлестікпен бірлесе оқу бағдарламасына сәйкес кітаптарға тапсырыс беру;
- оқу жылы бойы оқулықтармен ,жаңа кітаптармен жұмыс жүргізу;
- кітаптарды « etandau.gov.kz / бағдарламасына тіркеу,электронды каталогқа енгізу;
- түрлі іс-шаралар ұйымдастыру;
- мектепшілік өткізілетін жұмыстарға материалдар жинақтау;

Кітапхана қоры туралы

р/с	Жалпы қор	Көркем әдебиет	анықтамалық	Ғылыми танымдық	Жыл ішіндегі айналым
1	44400	24120	420	180	8000

р/с	Барлық оқушы саны		Барлық ата-ана		Барлық педагог		Барлығы
1	623		305		68		996
2	Оның ішінде оқырман	540	Оның ішінде оқырман	260	Оның ішінде оқырман	55	855

Кітапхананың материалдық техникалық базасы мен ақпараттық кеңестігін нығайту перспективалары

Р/с	Техникалық құралдар	2022-2023жыл	2023-2024 жыл	2024-2025 жыл
1	Көркем әдебиет	112	358	68
2	Электрондық басылымдар	150	жоқ	жоқ
3	Интерактивті тақта	1	-	-
4	Көрме сөрелері	12 шт.	-	-

Кітапхананың жұмыс тәжірибесін тарату

р/с	Тақырыбы	Түрі	Орны, мерзімі	Нәтижесі
1	Оқу үрдісінде оқыту әдістерін тиімді қолдану	-Өзіндік жұмыс істеу әдісі; -білімді тексеру әдісі; проблемалық:прогрммалан ған оқыту әдісі; -оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру;	Кітапхана	Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар он құраларын да пайдаланады.
2	Оқырман бенефисі-бір оқырманның құрметіне жасалған кешенді іс-шара.	Фантастика,поэзия және т.б.қызығушылықпен қарайтын оқырман.	Кітапхана	Жазушы бенефисі-бұл ең үздік оқырмандарды насихаттау,дос-тарының көзінше олардың абыройын

				жоғарылатудың нәтижелі құралы.
3	Буккроссинг-	Ағылшын тілінен ауд.кітап айналымы	Кітапхана	Бұл интернет-ойын түрін- де жүргізіледі. Принципі-оқып басқаға береді.
4	Ақпарат күні	Белгілі бір уақытта кітапханаға	Кітапхана	Ақпарат күні туралы кітапханашы пайдалан -шыға хабарлайды

Соңғы екі жылдағы кітапхана қорының материалдық -техникалық базасы техникалық жабдықталуы

р/с	Техникалық құралдар	Интернет желісі	Әдеби кітаптар	Көрме сөрелері
	Белсенді тақта Дербес компьютер Принтер	4 мб/с	24120	12

https://drive.google.com/drive/folders/1YnB_LzH9ai8NvYe2wX_WYdfoNF4OB-xf?usp=drive_link

7-бөлім. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы:

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ мектепалды сынып тәрбиеленушінің даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін тәрбиеші диагностика негізінде Типтік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізеді (қыркүйекте бастапқы, қаңтарда аралық және мамырда қорытынды).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер "бақылау парағында"толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасында "түзету іс-шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандардың осы диагностика қорытындылары бойынша баланың одан әрі дамуы бойынша іс-шаралар өткізіледі.

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады. Мектепалды сыныбы оқушыларының жеке даму карталары жылдар бойынша орындалып келеді. Мектепалды сыныбында әр түрлі қызмет салаларында оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Жыл сайын балалар мен педагогтар конкурстарға, көрмелерге, концерттерге, олимпиадаларға қатысады. Балалардың қабілеттерін анықтау мақсатында мектепалды сыныбында балалардың дарындылығын көрсетуді ынталандыратын жұмыс түрлері қолданылады:

- байқаулар;
- әр түрлі тақырыптағы балалар шығармашылығының көрмелері;
- балалардың өзіндік шығармашылық жұмыстарының көрмелері;
- музыкалық қойылымдар (ертеңгіліктер);
- спорттық жарыстар (көңілді старттар, отбасылық эстафеталар).

"Қостанай қаласының білім бөлімінің Спандияр Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ-де баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектепалды сыныбындағы балалардың дағдыларын дамыту мониторингі жүргізіледі. Балалардың іскерліктері мен дағдыларын дамыту

мониторингі барысында Даму деңгейлеріне сәйкес күтілетін нәтижелер түрінде үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша игеруге жататын білім, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттер көлемі айқындалады. Мектепке дейінгі білім беру бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес балалардың даму деңгейін қадағалау баланың жетістіктерін мониторингтеу негізінде жүзеге асырылады және мониторинг жүргізілетін күтілетін нәтижелерге сәйкес вариативтік мазмұнның жоғары, орташа, төмен деңгейлері бойынша критерийлері мен индикаторлары бар бақылау парағы әзірленеді. Жетекші әдіс балаға күнделікті өмірде, табиғи жағдайда жүргізілетін бақылау. Мектепалды сыныптарындағы балалардың даму деңгейін бақылау процесі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі, мониторингтік нәтижелер "бақылау парақтарына" енгізіледі. Алынған бастапқы мониторинг деректерінің негізінде жеке тәсілді қамтамасыз ету үшін мектепалды сыныбының әрбір тәрбиеленушісіне "баланың дамуының жеке карталары" толтырылды. Бастапқы диагностика деректерінің қорытындысы бойынша мектепалды сынып балаларымен жұмыс істейтін педагогтар аралық мониторинг жүргізілгенге дейін әрбір құзырет бойынша дамыту, түзету іс-шараларын және балаларды одан әрі сүйемелдеуді (қазан-желтоқсан) анықтады және енгізді. Осылайша, тәрбиешілердің қызметі типтік бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерін арттыруға бағытталған.

- I даму деңгейі (жоғары деңгейге баламалы);
- II даму деңгейі (орташа деңгейге баламалы);
- III даму деңгейі (төмен деңгейге баламалы).

Бастапқы диагностика нәтижелері:

2023-2024 оқу жылында үлгілік бағдарламалардың мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының бастапқы мониторингіне 50 бала қатысты.

Нәтижесінде анықталды: жалпы екі мектепалды сынып оқушылары бойынша:

I деңгей-16 бала, бұл 32%;

II деңгей-30 бала - 60%;

III деңгей – 4 бала, бұл 8% құрайды

Қорытынды диагностика нәтижелері:

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының қорытынды мониторингіне 50 бала қатысты. 2023 жылдың қаңтар айынан бастап балалардың дамуын анықтау мониторингісінде өзгеріс енгізілді. Бұл өзгерісте 1,2,3 деңгей орнына **жоғары, орташа, төмен** деңгей бойынша белгілінеді. Орташа алғанда бес дағды бойынша анықталды:

жоғары деңгей- 36 бала -72 %;

орташа деңгей- 12 бала -24 %;

төмен деңгей – 2 бала, бұл 4% құрайды

2023-2024 оқу жылындағы Мектепалды «А» сыныптың бастапқы және қорытынды мониторингтің жиынтық кестесі.

Бастапқы мониторинг: баласаны:25

Қорытынды мониторинг: баласаны:25

Бастапқы мониторинг			Қорытынды мониторинг		
I	II	III	Жоғары	Орташа	Төмен
8-32%	15-60%	2-8%	18-72%	6-24%	1-4%

2023-2024 оқу жылындағы Мектепалды «Б» сыныптың бастапқы және қорытынды мониторингтің жиынтық кестесі.

Бастапқы мониторинг: баласаны:25

Қорытынды мониторинг: баласаны:25

Бастапқы мониторинг			Қорытынды мониторинг		
I	II	III	Жоғары	Орташа	Төмен
8-32%	15-60%	2-8%	17-69%	6-23%	2-8%

Бастапқы диагностика нәтижелері:

2024-2025 оқу жылында үлгілік бағдарламалардың мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының бастапқы мониторингіне 31 бала қатысты.

жоғары деңгей- 19 бала – 62 %;

орташа деңгей- 10 бала - 32 %;

төмен деңгей – 2 бала, бұл 6 % құрайды

Қорытынды диагностика нәтижелері:

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының қорытынды мониторингіне 28 бала қатысты. 2024 жылдың қаңтар айынан бастап балалардың дамуын анықтау мониторингісінде өзгеріс енгізілді. Бұл өзгерісте 1,2,3 деңгей орнына **жоғары, орташа, төмен** деңгей бойынша белгілінеді. Орташа алғанда бес дағды бойынша анықталды:

жоғары деңгей- 18 бала -64 %;

орташа деңгей- 8 бала -28 %;

төмен деңгей – 2 бала, бұл 8 % құрайды

2024-2025 оқу жылындағы Мектепалды «А» сыныптың бастапқы және қорытынды мониторингтің жиынтық кестесі.

Бастапқы мониторинг: бала саны:15

Қорытынды мониторинг: бала саны:15

Бастапқы мониторинг			Қорытынды мониторинг		
I	II	III	Жоғары	Орташа	Төмен
9-60%	5-33%	1-7%	9-60%	5-33%	1-7%

2024-2025 оқу жылындағы Мектепалды «Б» сыныптың бастапқы және қорытынды мониторингтің жиынтық кестесі.

Бастапқы мониторинг: бала саны: 16

Қорытынды мониторинг: бала саны:13

Бастапқы мониторинг			Қорытынды мониторинг		
I	II	III	Жоғары	Орташа	Төмен
10-62%	5-31%	1-7%	9-69%	3-23%	14-0%

2025-2026 оқу жылында үлгілік бағдарламалардың мазмұнын игеру бойынша балалардың дамуының бастапқы мониторингіне 49 бала қатысты.

Бастапқы диагностика нәтижелері:

жоғары деңгей- 31 бала – 63 %;

орташа деңгей- 16 бала -32 %;

төмен деңгей – 2 бала, бұл 5 % құрайды

Мектепалды«А»сыныптың бастапқы мониторингтің жиынтықкестесі

Бастапқы мониторинг: баласаны:24

Бастапқы мониторинг		
Жоғары	Орташа	Төмен
15-62 %	8-33 %	1-5%

Мектепалды«Б» сыныптың бастапқы мониторингтің жиынтықкестесі

Бастапқы мониторинг: баласаны:25

Бастапқы мониторинг		
Жоғары	Орташа	Төмен
16-65%	8 -32 %	1-3%

Мониторинг нәтижелерін талдаудан мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін дамыту көрсеткіштерін қолданудың жоғары деңгейі оқу жылының басындағы нәтижелермен салыстырғанда оқу жылының соңына қарай артты. Балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда оң нәтиже айқын: құзыреттіліктердің қалыптасуы төмен деңгейіне дейін азайды, балалардың білімі берік, тәрбиеленушілер оларды күнделікті өмірде қолдана алады.

Мектепке дейінгі білім беру бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың барлық бағыттары бойынша мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің өсуімен тұрақтылығы байқалады.

https://drive.google.com/drive/folders/1hshJpaTzvqrgjQj6K4lGJn1jzz2175s5?usp=drive_link

8-бөлім. Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасы

Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналарынан алынған сауалнамасының нәтижесі

Сауалнама «Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ мектепке дейінгі даярлық сынып ата-аналары арасында өткізілді. Сауалнама өту мақсаты: ата-аналардың мектеп жұмысына қанағаттану дәрежесін анықтау. Барлығы 45 ата-ана қатысты. Сауалнама нәтижелерін талдау мыналарды көрсетті:

№	Сұрақтар	Толық келісем	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	42%	50%	3%	5%
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	44%	56%		
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	53%	47%		
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог- психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	28%	63%	9%	
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	50%	50%		
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	39%	58%	3%	
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	44%	53%	3%	
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	39%	53%	5%	3%
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	25%	75%		
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі	22%	69%	6%	3%
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	25%	75%		
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	14%	50%	28%	8%

13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, Сіз Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	100%			
----	---	------	--	--	--

Қорытынды: мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналары арасында өткізілген сауалнамаға барлығы 45 респондент қатысып, 92% мектептің білім сапасына және оларға деген қарым-қатынасты жақсы деп көрсеткен.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері ата-аналардың басым бөлігі мектепке дейінгі ұйым жұмысына қанағаттанатынын көрсетті. Балалардың көпшілігі даярлық сыныпқа қуана барады, топта қолайлы психологиялық ахуал бар және тәрбиешілердің қызметі жоғары бағаланған. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби әдептілігі мен балаларға әділ қарым-қатынасы ата-аналар тарапынан оң қабылданған. Ата-аналардың пікірінше, балабақшадағы оқу-тәрбие процесі балалардың дамуына және мектепке дайындығына тиімді ықпал етуде. Жалпы алғанда, ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық деңгейі жоғары, бұл балалардың үйлесімді дамуына қолайлы жағдай жасап отырғанын көрсетеді.

https://drive.google.com/drive/folders/1Vn6aG2s6GKX92cParBo3-yywTuL7dVv-?usp=drive_link

[ДОКСО.Сауалнама нәтижесі МДС тәрбиешілері.docx - Google Документы](#)

[ДОКСО.Сауалнама нәтижесі МДС ата-ана.docx - Google Документы](#)

9-бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.

Кемшіліктер:

- Оқу үдерісінің сапасын арттыру үшін материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі;
- Педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші құрамының аздығы
- Кітапхананың цифрлық бағдарламалармен жабдықталмағаны.

Шешу жолдары:

- Қазіргі заманауи оқу және спорт жабдықтармен материалдық- техникалық, ақпараттық-техникалық құралдармен, сандық ресурстармен қамтамасыз етуді жалғастыру;
- Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру /растау өлшемді жоғарылату үшін (Амантаева Айзат Шалдыбаевна) біліктілік санатының деңгейін арттыру.
- Кітапхананы заманауи талапқа сай ақпараттық трансформациялау.

10-бөлім. Қорытынды мен ұсыныстар.

Өзін-өзі бағалау қорытындыларына сүйене отырып, мыналар анықталды:

- Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы құжаттарға сәйкес.
- Кадрлық құрам 100 % педагогикалық қызметкерлермен қамтамасыз етілген.
- Педагогикалық кадрлар уақытында біліктілігін арттырып отырады және біліктілігін арттыру курстарының перспективалық жоспары бар. Мектепалды сынып ұжымның зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау, тәрбие-білім беру процесінің тұтастығын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және баланың жан-жақты, толыққанды дамуына кепілдік бар.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, мектептің қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссия қорытынды жасайды: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің С.Көбеев атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ- қазіргі заманғы деңгейде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін білікті педагогикалық ұжымның қажетті әлеуетіне ие, жалпы мәртебесіне сәйкес келетін жеткілікті материалдық-техникалық базасы бар білім ұйымына сай. Білім беру ұйымдарының бағалау критерийлеріне сәйкес "үлгілі" деп бағаланады.

Өзін-өзі бағалау 01.10.2025 №4 педагогикалық кеңесте қарастырылып бекітілді.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшесі:



М.М. Жақия
А.К. Биримжанова
К.Т. Алтай
А.К. Аблайханова
А.А. Сайпилова
Ш.Ж. Оспанова
А.А. Карина

